

## 2021-2022 оқу жылында тәрбие саласында атқарылған іс-шаралар

Түркістан облысы, Сауран ауданы, Ескі Иқан ауылы "Иқан" жалпы орта мектебінде "1 қыркүйек - Білім күніне" орай "Кел, балалар, оқылық!" тақырыбында санитарлық талаптарды сақтай отырып, салтанатты жиын болып өтті.

Жаңа оқу жылының бір ерекшелігі, 1-сынып білім алушы бүлдіршіндерге "Әліпше" оқулығы қолма қол табыс етілді.

Жиынға Сауран әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің бас маманы Ақселеу Сейдімбек Әбуталішұлы қатысып, бүлдіршіндерге алдағы оқу жылына сәттілік тілеп, алғашқы қоңырау соғылды.









[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02gZTq3Sgq2Gd4ocmu8cyX3TDmrFBNo1WkzGwHT8kVYBaXUNiuz9Q6c3QrW4UMwNHnl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02gZTq3Sgq2Gd4ocmu8cyX3TDmrFBNo1WkzGwHT8kVYBaXUNiuz9Q6c3QrW4UMwNHnl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2021 жылғы 11 қыркүйек күні Түркістан облысы, Сауран ауданы, Ескі Иқан елдімекені, «Иқан» жалпы орта мектебінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Халық бірлігі және реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауына арналған жиналыс болып өтті.

Жиналыс барысында қызметкерлер сапалы білім беруге қатысты негізгі атқарылатын жұмыстармен танысып, өзара талқылады.

Ел президенті өзінің кезекті жолдауында педагогика саласындағы қызметкерлерге мемлекет тарапынан қолдаудың әрі қарай жалғаса беретінін негізге ала отырып, білім беру саласының мамандарының еңбек ақысын қаңтар айынан бастап 25%-ға артатынын мәлімдеді.

Сонымен қатар, материалдық қолдау көрсету шаралары «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толыға түспек. Бұл жоба ұстаздарымызға көптеген мүмкіндіктер сыйлайды деген үміттеміз.

Дарынды оқушылар да назардан тыс қалған жоқ. Жолдауға сәйкес олимпиада жүлдегілеріне жоғары оқу орнына түсу үшін арнайы гранттар бөлініп, бір реттік ақшалай сыйақы төлену жоспарлануда. Әрине, дарынды оқушыларымызды дайындаған мұғалімдерімізге ақшалай қолдау көрсетіледі.

Пандемия кезінде қашықтан оқыту мұғалімдеріміз бен оқушыларымызға бастапқы кезде қиындық туғызғаны рас. Дәстүрлі білім беру форматында басталған жаңа оқу жылымыз ұстаздарымыз бен оқушыларымыз үшін табысты әрі жемісті жыл болатынына сенеміз!



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0c3oBK5Ez5dNC8ywTuSWdjethBT4RTqsbu6fqZ2HyEybr9j7esNwgFDwwLoThqtzql&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0c3oBK5Ez5dNC8ywTuSWdjethBT4RTqsbu6fqZ2HyEybr9j7esNwgFDwwLoThqtzql&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2021 жылғы 21 қыркүйек күні “Иқан” жалпы орта мектебінде Сауран АПБ, Ескі Иқан ауылдық округі учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Усербай Бексултан Қуанышбекұлы және 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен жиналыс өткізілді. Жиналыста құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау, діни экстремизмнің алдын алу мәселелері қамтылды.



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02SYcWGDqP1MYWQLE44acZYE7dojUGjT4AsJGQgxVnn9Dv2kzJyEZvGw5CHNxQJtBW1&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02SYcWGDqP1MYWQLE44acZYE7dojUGjT4AsJGQgxVnn9Dv2kzJyEZvGw5CHNxQJtBW1&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2021 жылғы 22 қыркүйек күні “Иқан” жалпы орта мектебінде Сауран АПБ басшысының орынбасары, полиция майоры Ахан Сапарбеков, Сауран АПБ, ювиналдық полиция тобының басшысы, полиция майоры Жасур Нигматуллаев және Сауран АПБ, Ескі Иқан ауылдық округі учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Нұрбол Абдирахмановтардың қатысуымен 9-11 сынып оқушыларымен құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында жиналыс болып өтті. Жиналыста Ахан Сапарбеков және Жасур Нигматуллаев құқықбұзушылықтың себептері мен салдары туралы және құқықбұзушылық орын алған жағдайда қолданылатын жаза түрлерін айтып, оқушыларды тәртіпті болуға, мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтауға және мұғалімдермен үлкендердің сөзін тыңдауға шақырды.





Samsung Quad Camera  
Снято на Galaxy A71



Samsung Quad Camera  
Снято на Galaxy A71



Samsung Quad Camera  
Снято на Galaxy A71





[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0HvefFdZJNBWwt7eJP9SYQcxXwWfuUJE4mhPSHA6RpbJwnfTqRhY2ieTvLDBBM1El&id=100030210816993&mibextid=Nif5](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0HvefFdZJNBWwt7eJP9SYQcxXwWfuUJE4mhPSHA6RpbJwnfTqRhY2ieTvLDBBM1El&id=100030210816993&mibextid=Nif5)

2021 жылы 2 қазан күні "Иқан" жалпы орта мектебінде "Ұстаз - ұлы тұлға тақырыбында кеш өткізілді.







[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02ZpboRL8YEDnaEXidhF9TcbVHEpjDxMUFTkowYiFXaUXDkHgFuVupRAxDKTK7W9W3l&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02ZpboRL8YEDnaEXidhF9TcbVHEpjDxMUFTkowYiFXaUXDkHgFuVupRAxDKTK7W9W3l&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2021 жылғы қыркүйектің 18-і күні Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Иқан" жалпы орта мектебінде карантиндік талаптарды сақтай отырып, бітіруші сынып оқушыларының ата-аналарымен жиналыс өткізілді. Өткен оқу жылында мемлекеттік білім гранттарының иегерлерін үлгі етіп көрсетіп, бір студент отбасы бюджетіне 1 жылда, жалпы, 4 жылда қанша кіріс алып келетіні егжей-тегжейлі түсіндірілді. Ата-аналар өз ризашылықтарын білдіріп кетті.



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0gaZFmvmqarRHgnxmsSkbYfnmKLqqPPRs5XDAwRzunkda2v4ynbEYEif9b62GuANCRI&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0gaZFmvmqarRHgnxmsSkbYfnmKLqqPPRs5XDAwRzunkda2v4ynbEYEif9b62GuANCRI&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

#Сауран ауданы ішкі саясат бөлімінің "Иқан" жалпы орта мектебі Сауран ауданының ішкі саясат бөлімінің "Ұлттық киімімізді ұлықтайық" челленджін қуана қабыл алды. Ұлттық киім киюді жастарға насихаттау мақсатында, ұлттық киімді мерекелерде ғана киіп қоймай, күнделікті өмірде ұлттық киім киіп жүруді жалғастырды. Ұлттық киімді дәріптеуге ат салысайық!





[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0tof6tcdPeDHqCgJikRNZ9AabVD P3QWFRsvts3Z9r9PqXHiJS65MeR5SJtnLykMGel&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0tof6tcdPeDHqCgJikRNZ9AabVD P3QWFRsvts3Z9r9PqXHiJS65MeR5SJtnLykMGel&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2021 жылғы қыркүйектің 12-сі күні Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Иқан" жалпы орта мектебінде "Оқушылардың өзін-өзі басқару" ұйымының мектеп президентін сайлау іс-шарасы өткізілді. Ең жоғары дауысты жинап, мектеп президенті болып 10 "Б" сынып оқушысы Хурсанов Билолбек сайланды.

Мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы қызметінің негізгі мақсаты: оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар, шешім қабылдауға қабілетті, жауапты, тәртіпті, өз бетінше таңдау жасауға дайын және мектепте белсенді ұстанымға ие тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.





[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0J8zRWXqqGg5NR2KEyxwY9dDqrAEmghNxsmm81ge1ENQWsDwfT5wSnquHHqRnXHRxl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0J8zRWXqqGg5NR2KEyxwY9dDqrAEmghNxsmm81ge1ENQWsDwfT5wSnquHHqRnXHRxl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)



Түркістан облысы, Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Иқан» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2021 жылы 11-15 қазан аралығында бастауыш әдістемелік пән апталығы болып өтті. Апталыққа бірлестік мұғалімдері белсене қатысып, өздерінің бір сағаттық ашық сабақтарын жоғары деңгейде өткізді. Апталықта 1 «Ғ» сынып мұғалімі Байбекова Жамила Әліппе пәнінен «Ққ дыбысы мен әрпі» тақырыбында, 1 «Е» сыныбында Кучкарова Патма дүниетану пәнінен «Менің отбасым» тақырыбында, 4 «А» сынып мұғалімі Алимова Салимова «От – суз туркуми» тақырыбында үлгілі деңгейде ашық сабақтарын өткізіп, өздерінің озық іс-тәжірибелерімен бөлісті. Бастауыш әдістемелік пән апталығы өз деңгейінде өтті.






[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02MMX8SEPdenZk9oqPQfbxgRcXU6w2SzcadL4w6go5NzWR8Vrz5oyAPKQAaEyYV8n8l&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02MMX8SEPdenZk9oqPQfbxgRcXU6w2SzcadL4w6go5NzWR8Vrz5oyAPKQAaEyYV8n8l&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2021 жылдың 12 қараша күні Сауран ауданы ювиалдық полиция тобының қызметкерлері, Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің мамандары және Ескі Иқан аулында орналасқан мектептердің мобилді топ мүшелерімен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі уақытта рейд жұмыстары жүргізілді. Рейд барысында дүкендер, ойын-сауық орталықтары, кафелер т.б әлеуметтік нысандарға профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, түгел тексерілді. Еш қандай құқық бұзушылық және ата-анасының қарауынсыз жүрген оқушылар анықталған жоқ.





[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid05Rbzb7sYvCvsRveTpfPPeiVgwC1diryPJX3HWLwS86QKTrLZsgQLvYxcwp2AZbwy1&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid05Rbzb7sYvCvsRveTpfPPeiVgwC1diryPJX3HWLwS86QKTrLZsgQLvYxcwp2AZbwy1&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2021 жылдың 16 қараша күні «Иқан» жалпы орта мектебі базасында Түркістан облыстық дін мәселелерін зерттеу орталығының дінтанушы, теолог маманы Б.Абдирахман, Сауран ауданы Ішкі саясат бөлімінің бас маманы М.Қайратұлы және Сауран ауданы жастар ресурстық орталығының теолог маманы С.Жанболаттардың қатысуымен теріс діни ағымдардың құрығына түсудің алдын алу мақсатында «Деструктивті діни ұйым жақтаушыларының психологикалық өзгерістері» тақырыбында мектеп мұғалімдері және 9-10 сынып оқушыларының қатысуымен жиналыс болып өтті. Жиналыста Б.Абдирахман баяндама жасап, дәстүрлі емес діни ағымның ықпалына түскен азаматтардың тұлғасындағы өзгерістер туралы кеңінен түсіндірді. Соңында мектептің тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары К.Нишанбаев баяндаманың маңыздылығын айтып, оқушыларды әлеуметтік желілердегі түрлі діни парақшаларға жазылмауға және пайдаланбауға шақырды.





Samsung Quad Camera  
Снято на Galaxy A71



Samsung Quad Camera  
Снято на Galaxy A71



**Samsung Quad Camera**  
Снято на Galaxy A71



**Samsung Quad Camera**  
Снято на Galaxy A71



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0szb4uGLXWxQcWKU6vumCnbgmwvu88rKnZbVQJP4KnxEtEjkh3YYKzjT9hKgwdBqil&id=100030210816993&mbextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0szb4uGLXWxQcWKU6vumCnbgmwvu88rKnZbVQJP4KnxEtEjkh3YYKzjT9hKgwdBqil&id=100030210816993&mbextid=Nif5oz)



2021 жылдың 23 қараша күні Түркістан облысы, Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Иқан" жалпы орта мектебінде 6-"В" сынып білім алушыларымен адамға денсаулықтың бағалы байлық екендігін, қимыл-әрекетке жаттықтыру және дұрыс тамақтанудың денсаулық үшін маңыздылығын түсіндіру мақсатында "Денсаулық - басты байлық!" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02BW8h37FtGKuMFvFgXBM6DBXZmQBSqZqnFgmXDyjCmV54hoxChE75yYchU7NmabqSl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02BW8h37FtGKuMFvFgXBM6DBXZmQBSqZqnFgmXDyjCmV54hoxChE75yYchU7NmabqSl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

Ана тілі- біздің туған анамыз!

Анамыздай сыйлап, бағып – қағамыз.

Ана тілін бағаласақ, қалай біз

Өзіміздің сондай болмақ бағымыз.

Ана тілін кім аялай білмесе,

«Анасынан безген ұл!» - деп қараңыз.

(М.Әлімбаев)

«Иқан» жалпы орта мектебінде 2021 жылғы 8-13 қараша күндері «Білімдінің сөзі ем, мерейі көп, өзі кең!» (М.Жұмабаев) тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің пән апталығы болып өтті. Мектепте «Біз ұлы дала ұрпағымыз» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

Ұстаздар қауымының басты міндеті –шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, болашақ ұрпаққа ұлағатты тәрбие беру. Осы мақсатта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері апталықта ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс –шаралар өтті. Гулназ Расулова «Біз Махамбет ұрпағымыз», Гулчехра Камалова «Даланың дара ұста- зы – Ыбырай Алтынсарин» атты ақын шығармашылығына арналған қорытынды кеш өткізді. Кеште ақынның жүрек жарды өлеңдері оқылып, ақынға арналған естеліктер мен әндер орындалды. Апталықтың қорытындысы бойынша, білім алушылар мадақталды.

Апталықта өтілген ашық сабақтардың барлығы жүйелі әрі әдістемелік жағынан ұтымды болды. Мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасы модульдерін тиімді пайдаланды.

Апталықта Зарина Нарметова, Машхура Камалова, Гулчехра Камалова, Наргиза Халметова, Жамилахан Усманова, Айсултан Бабажанова,

Нодира Абутаирова, Зулфира Эрметова, Гулбахор Жаппарқуловалардың өткен ашық сабақтары «үлгілі» деп бағаланып, көпшіліктің алғысына бөленді.

Қорытындылай келе, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің апталығы белгіленген жоспар бойынша жоғары деңгейде өткізілді. «Тіл адамды көкке көтереді, тіл арқылы ел бақытқа жетеді», – деп айтқан екен Жүсіп Баласағұни. Аспанымыз ашық, заманымыз тыныш, тіл мәртебесі биік болсын, ағайын!

«Иқан» ЖОМ-ның қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі З. Пашшаева









[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02NiNQpZJuwEyDYrBYgWQ9GFpBitq2NzP2L5RYAjs39ZPmc7j8DZrsAUagLpzeywvcl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02NiNQpZJuwEyDYrBYgWQ9GFpBitq2NzP2L5RYAjs39ZPmc7j8DZrsAUagLpzeywvcl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2021 жылы 24 қараша күні Түркістан облысы, Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Иқан" жалпы орта мектебінде Сауран аудандық ПБ ЖПҚ-нің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы, полиция лейтенанты Мадина Асылханқызы қатысуымен балалар мен жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында мектеп мұғалімдері және 8-11 сынып оқушыларының қатысуымен жыналыс болып өтті.

Қыздарды нәзіктікке баулу, бойында ептілік пен шеберлік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында өткізілген бұл жиналыста сұлулық, жақсы қарым-қатынас сияқты ұғымдармен де ой-тұжырымдар толықтырылды.



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0269sGVL4AmSVtneCPmSg9NzyA8atMGMu1wduWNfYqNeXiLRUfUpN1tJes17jtMQUVl&id=100030210816993&mbextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0269sGVL4AmSVtneCPmSg9NzyA8atMGMu1wduWNfYqNeXiLRUfUpN1tJes17jtMQUVl&id=100030210816993&mbextid=Nif5oz)

2021 жылғы 30 қараша күні Түркістан облысы, Сауран ауданы "Иқан" жалпы орта мектебінде "1 желтоқсан - Президент күніне" орай 11-"Ә" сыныбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі: Нишанова Хилола







[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0hFSCcqpWEkFTVknJckYkUK2NvLNjJKH7xsYA9kJikAQHEjQ1JJ8PPhjt8aBPbaeql&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0hFSCcqpWEkFTVknJckYkUK2NvLNjJKH7xsYA9kJikAQHEjQ1JJ8PPhjt8aBPbaeql&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2021 жылғы 27 қараша күні Түркістан облысы, Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Иқан» жалпы орта мектебінің 7 - «Ә» сыныбының ата-аналарымен «Бақытты ана – бақытты бала – бақытты отбасы – бақытты ел» тақырыбында психологиялық тренинг сабақ өткізілді.

Мақсаты: отбасындағы тәрбиенің өте маңызды рөл атқаратындығын көрсете білу, мектеп пен ата-ана байланысын ынтымақтастыру, өзара серіктестік орнату, ата-ананың, баланың оқу-тәрбиеге қатысты жауапкершілігін арттыру.

Педагог - психологтар: Х. Мамбетова, У. Алимова







[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0kC8XwcUFHEfy6jDQoiUjoiFiBViTQ1crwjjQxyRQboHTSa2HeLmo2Yox6hxyXb9ul&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0kC8XwcUFHEfy6jDQoiUjoiFiBViTQ1crwjjQxyRQboHTSa2HeLmo2Yox6hxyXb9ul&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2021 жылғы 27 қараша күні Түркістан облысы, Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Иқан» жалпы орта мектебінің 7 - «Ә» сыныбының ата- аналарымен «Бақытты ана – бақытты бала – бақытты отбасы – бақытты ел» тақырыбында психологиялық тренинг сабақ өткізілді.

Мақсаты: отбасындағы тәрбиенің өте маңызды рөл атқаратындығын көрсете білу, мектеп пен ата-ана байланысын ынтымақтастыру, өзара серіктестік орнату, ата-ананың, баланың оқу-тәрбиеге қатысты жауапкершілігін арттыру.

Педагог - психологтар: Х. Мамбетова, У. Алимова







[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0kC8XwcUFHEfy6jDQoiUjoiFiBViTQ1crwjjQxyRQboHTSa2HeLmo2Yox6hxyXb9ul&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0kC8XwcUFHEfy6jDQoiUjoiFiBViTQ1crwjjQxyRQboHTSa2HeLmo2Yox6hxyXb9ul&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2021 жылғы 7 желтоқсан күні Түркістан облысы Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Иқан" жалпы орта мектебінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Ұлттық кино" жобасы аясында Түркістанда түсірілген көркем және анимациялық фильмдерді насихаттау мақсатында 10-11 сынып оқушыларына кинокөрсетілім көрсетілді. Кинокөрсетілімнен оқушылар жақсы әсер алды.



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02hUyc3z9VmNSs8tFepNMyu8QvWu CZnwcaPXAcTTNKRf6siVKh5MGuw6ePnnc3qaARl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02hUyc3z9VmNSs8tFepNMyu8QvWu CZnwcaPXAcTTNKRf6siVKh5MGuw6ePnnc3qaARl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

Түркістан облысы, Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Иқан" жалпы орта мектебінде 2021 жылғы 15 желтоқсан күні "Қазақстан Республикасының 30 жылдығына" орай республикалық бірыңғай "Жас Қыран" және "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы құрамына қабылдау іс-шарасы өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сондықтан ұйым құрамына мектеп үздіктері, екпінділері және белсенділері қабылданды.







[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0PLJSfhA2eCErEJpV3hJrByhCZc1rm5tTYzg2KAGqoM2Gatcbe97CCH8TrXTvJD8ol&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0PLJSfhA2eCErEJpV3hJrByhCZc1rm5tTYzg2KAGqoM2Gatcbe97CCH8TrXTvJD8ol&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2021 жылдың 22 желтоқсан күні Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Иқан" жалпы орта мектебінің 10-«Ә» сынып оқушылары Ш.Эргешов, Б.Абдурахмановтар "Жас математиктер кубогі" математикалық олимпиадасына белсене қатысып, жүлделі орынға ие болды. Ұйымдастырушылар жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыратын, ой-өрісін дамытатын жоғары эстетикалық талап талғамын қалыптастыратын тұлға дайындап, оқушының логикалық шыңдалу жолында тынбай еңбек етіп, жетекшілік еткені үшін Ойбек Нишанбаевқа алғыс білдірді. Әріптесімізге ұстаздық жолында шығармашылық табыстар тілейміз!



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid01Fp5rBFRfnuPFyAHrx6SS4wvWPgj5aULvKoZf9vnGnnpHtc153XydyznStoTeiwDl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid01Fp5rBFRfnuPFyAHrx6SS4wvWPgj5aULvKoZf9vnGnnpHtc153XydyznStoTeiwDl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

**2021-2022 оқу жылында «Иқан» жалпы орта мектебінің  
«Бірлік» командасы «Ұлттық мектеп лига» жарысына қатысып,  
жүлделі орын алған оқушылар тізімі**

<b>Қ/с</b>	<b>Жарыстың түрі</b>	<b>Орын</b>	<b>Оқушылардың аты-жөні</b>	<b>Мұғалімі</b>
1	Тоғызқұмалақ	III орын	Н. Зурапова	Ш. Маннапов
2	Жеңіл атлетика	I орын	А. Тураханова	Э. Мусаев А. Субатов
3	Жеңіл атлетика	III орын	Д. Шаталов	II. Нарметов С. Муслимов
4	Үстел теннис	III орын	Х. Уринбаева	Р. Эрметов
5	Үстел теннис	III орын	Р.Қайтмасов	У. Эргешов
6	Волейбол 9-11-сынып оқушылары	III орын	М. Эргешов З. Исаков А. Гайратов Д. Абдувалiev III. Бахтияров Д. Бахтияров	У. Камалбекова С. Муслимов
7	Волейбол 8-сынып оқушылары	III орын	А. Адилбеков С. Абдирахманов С. Прискулов Б. Нуритдинов Р. Қайтмасов Э. Тилавлиев Д. Шаталов	II. Нарметов Ф. Мырзалiev
8	Гандбол 9-11 сынып оқушылары	III орын	М. Эргешов Д. Абдувалiev Р. Сатдинов А. Абдулхамидов Х. Султанов Д. Мамаганиев С.Суюнбеков А. Гайратов	Р. Эрметов III. Маннапов





[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0UhmYRhfGMMPVohS44zJKdPvE7Yx2e5FQHXGiAR7M2sejGxRKz74hgCtDyLgyKHFil&id=100030210816993&mbextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0UhmYRhfGMMPVohS44zJKdPvE7Yx2e5FQHXGiAR7M2sejGxRKz74hgCtDyLgyKHFil&id=100030210816993&mbextid=Nif5oz)

2021-2022 оқу жылының 9 ақпан күні "Иқан" жалпы орта мектебінде Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай "Отқа оранған отты жылдар" тақырыбында аудандық бір күндік жиын өткізілді.

Жиынға Сауран ауданы Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектер кеңесі қоғамдық бірлестік төрағасы Ақай Тілес Төленбайұлы басшылығында келген 25-ке жуық Ауған соғысы ардагерлері жиынымыздың құрметті қонақтары болды.

Мектептің АӘТД пәні оқытушы - ұйымдастырушысы Б.Нарметов, 10-"А" сынып оқушылары Н.Хурсанов, Ф.Бабанова, мектепалды даярлау "А" сыныбы оқушысы А.Жалолитдинов, 4-"Ә" сынып оқушысы Б.Сапаевтар "Түркістан облыстық Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектер кеңесі" қоғамдық бірлестігінің "Алғыс хатымен" марапатталды.

Әскери - патриоттық тәрбие беруде, әрбір болашақ сарбаздың ұлттық рухта тәрбиеленіп, Отанын, елін, жерін қорғауға дайын болуына, санасы озат, ойы озық жаңа буын болып қалыптасуына қосқан үлестері үшін мектептің АӘТД пәні мұғалімдеріне алғыс білдіріп, зор денсаулық, еңбектеріне табыс және жетістіктер тілейміз.

Дайындаған: "Иқан" ЖОМ-ның оқу ісі жөніндегі директор орынбасары Ж.Усманова







©©©©  
**Samsung Quad Camera**  
Снято на Galaxy A71



©©©©  
**Samsung Quad Camera**  
Снято на Galaxy A71






[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0wvBWfdCrEi5u9h5CpJLNMRKd29rRBmjKmMMcU2jvcru6X7784iNDjgRpkAn5TjVNI&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0wvBWfdCrEi5u9h5CpJLNMRKd29rRBmjKmMMcU2jvcru6X7784iNDjgRpkAn5TjVNI&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2022 жылғы 11 ақпанда «Иқан» жалпы орта мектебі базасында қамқоршылық кеңестің төрағасы И.Неметов, Әзіреті Дәуіт мешітінің бас имамы Р.Мамаев, Ескі Иқан ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы У.Муслимова және 8-9 сынып оқушыларының қатысуымен жиналыс болып өтті. Жиналыстың күн тәртібіне «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау», «Деструктивті діни ұйым жақтаушыларының психологиялық өзгерістері», «Электронды темекінің (вейп) зияны мен адам денсаулығына қауіп-қатері» туралы мәселелер енгізілді.

Мақсаты: кәмелет жасқа толмағадар арасында құқықбұзушылықтың және теріс діни ағымдардың құрығына түсудің алдын алу.







**Samsung Quad Camera**  
Снято на Galaxy A71



**Samsung Quad Camera**  
Снято на Galaxy A71

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid025kH5oZ2rEr6H6WJv6ZkHtP3ZEdfPKiEidUAinCj6JA9hUJgnPAkDQYL19kHY9E2ql&id=100030210816993&mbixtid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid025kH5oZ2rEr6H6WJv6ZkHtP3ZEdfPKiEidUAinCj6JA9hUJgnPAkDQYL19kHY9E2ql&id=100030210816993&mbixtid=Nif5oz)

2022 жылғы 12 ақпан күні өскелең ұрпақты туған халқымыздың ұлттық дәстүрін, тарихи-мәдени мұраларын, жалпы адамзаттық құндылықтарын бойына сіңіруіне, халықтың өз болмысын жоғалтып алмауы және Отандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында «Иқан» жалпы орта мектебінің 8-сынып оқушылары киелі де, қасиетті Түркістан қаласындағы «Ұлы Дала Елі» орталығына алып барылды. Орталық - қазақ хандығының құрылғанынан бастап, жаңа дәуір дамуына дейінгі әртүрлі тақырыпты ашатын 9 тарихи-заманауи залдан тұрады. Саяхат барысында оқушылар ұлы дала металлургиясы, салт аттылық мәдениеті, қазақ жауһарлары мен хандығы және қала мәдениеттерімен өте етене танысты. «Қазақстан - түркі әлемінің қара шаңырағы» залындағы проекциялық шоу оқушылар қызығушылығын ерекше оятты.





[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid033dk4pwKZBBAs7awq5udgmugujwM9pMy9YDwx9nBFhm8bpPF46i1DUQabQsTMNAI&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid033dk4pwKZBBAs7awq5udgmugujwM9pMy9YDwx9nBFhm8bpPF46i1DUQabQsTMNAI&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2022 жылғы 12 ақпан күні Түркістан облысы Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Иқан» жалпы орта мектебінде БМСК-нің врач генекологі Мусаева Айсултан қатысуымен жасөспірімдердің адами тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыру және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Арыңды сақта бойжеткен» тақырыбында мектеп мұғалімдері және 9-10 сынып қыздарының қатысуымен жиналыс болып өтті.







2022 жылы 22 ақпан күні «Иқан» жалпы орта мектебінде өзбек тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда оқушылардың оқылым дағдысын дамытудағы тиімді жолдармен таныстыру, педагогтардың озық тәжірибелерімен бөлісу мақсатында «Оқушылардың оқылым дағдысын дамытуда «Оқуға құштар мектеп» жобасының тиімділігі» тақырыбында өзбек тілі мен әдебиеті пәнінен облыстық тәжірибелік семинар болып өтті. Семинардың ашылу салтанатына Түркістан облысы «Білімді дамыту орталығы» КММ директоры Төлімбет Бақытжан Нұрмахамбетұлы қатысып, ұйымдастырушыларға сәттілік тіледі. Семинарға «Білімді дамыту орталығы» КММ «Тілдерді дамыту» кафедрасының әдіскері Шахноза Алиакбарова, «Тәрбие және әлеуметтік психология» кафедрасы кітапхана ісі әдіскері Ақмарал Темірбаева және Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Мархила Абдужаппаровалар, сонымен қатар облыстағы түрлі аудандардан 68 мұғалім қатысты.


Ш.Алиакбарова семинарды қорытындылап, «Өте жақсы» деген баға берді және барлық сабақ өткен мұғалімдерді «Білімді дамыту орталығының» «Алғыс хатына» ұсынды.











[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid025XpzASzYQMjD8pHcRRb1K8x8xyv1rLF7BSaZXBZG6fTQ71KVoNbLboa3bSTf5zrBl&id=100030210816993&mbextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid025XpzASzYQMjD8pHcRRb1K8x8xyv1rLF7BSaZXBZG6fTQ71KVoNbLboa3bSTf5zrBl&id=100030210816993&mbextid=Nif5oz)

2022 жылы ақпан айында Әлишер Науаидің туғанына 581 жыл толуына орай өткізілген облыс деңгейіндегі байқауға қатысып, жоғары көрсеткішке ие болғаны үшін "Иқан" жалпы орта мектебінің 7-"Б" сынып оқушысы Адилова Суғдиёна "Алғыс хатпен" марапатталды.

Жеңісің құтты болсын! Көздеген мұрат - мақсаттарыңа қол жеткізіп, армандарың орындалсын. Алда талай асу белестерді бағындыра бер!



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02oxDqw7n1oRmM5ni1xbPKMDnD7P1LwNFPZuhULB5NE7iacQ2jduJkDVyepV9EZP1Hl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02oxDqw7n1oRmM5ni1xbPKMDnD7P1LwNFPZuhULB5NE7iacQ2jduJkDVyepV9EZP1Hl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2022 жылғы 6 наурыз күні М.Юлдашев атындағы спорт кешенінде 8 наурыз – халықаралық әйелдер мерекесіне орай әйелдер арасында волейболдан болып өткен жарыста 12 команданың ішінен «Иқан» жалпы орта мектебінің директоры Мамадалиева Махсуда Бабажанқызы бастап барған «Иқан» командасы топ жарып, жүлделі I орынға ие болды, сонымен қатар Тажиметова Лутфинса «Үздік шабуылшы», Сaitова Венера «Үздік ойыншы» номинациясымен марапатталды.

Сайысты жоғары деңгейде ұйымдастырған Ескі Иқан ауыл әкімі аппаратына және осы ойынның өтуіне демеушілік жасаған Түркістан облыстық маслихаттың депутаты Атаева Насиба Сабыржанқызына алғысымызды білдіреміз!





[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02E8NXEPica88xfgT8T8eSTpZQghmYukktHUJCNAvLNSevHCnB13mc9G7uyKbcn6j8l&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02E8NXEPica88xfgT8T8eSTpZQghmYukktHUJCNAvLNSevHCnB13mc9G7uyKbcn6j8l&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)



Сауран ауданы бойынша білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының ұйымдастыруымен М.Юлдашев атындағы спорт мектебінде 2022 жылғы 12 наурыз күні мектеп мұғалімдері арасында қазақ күресінен аудандық "Ұстаз барысы" жарысы болып өтті. Жарыс 60, 66, 74, 82, 90, 100, +100 салмақ дәрежесінде ерлер арасында өтті. Жарысқа «Иқан» жалпы орта мектебінің мұғалімдері қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

66 кг салмақ дәрежесінде:

I орынды Неметов Рахматжон иеленді.

60 кг салмақ дәрежесінде:

II орынды Разиков Рахматжан иеленді

74 кг салмақ дәрежесінде:

II орынды Анарбаев Бобомурод иеленді.

82 кг салмақ дәрежесінде:

II орынды Умаров Элнур иеленді.

III орынды Жаббарханов Атабек иеленді.

Барлық I, II орын иеленген ұстаздар Түркістан қаласында 2022 жылғы 17-18 наурыз күндері өтетін облыстық жарысқа жолдама алды. Сауран ауданының намысын қорғайтын ұстаздарымызға сәттілік тілейміз!





[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02rDvu2mdKFoBzN1dRia7KcoFZoJ6oShnabMDbbGAG325LgaYrCLDkpvC1Hv8cXFX1&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02rDvu2mdKFoBzN1dRia7KcoFZoJ6oShnabMDbbGAG325LgaYrCLDkpvC1Hv8cXFX1&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)





[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid028odoUgiquSs3e26DzbyZ1mQCgVDD55bPQJg8494ZjY2554GFGrAawjiCEUY3xNnl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid028odoUgiquSs3e26DzbyZ1mQCgVDD55bPQJg8494ZjY2554GFGrAawjiCEUY3xNnl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2022 жылғы 30 наурыз күні "Иқан" жалпы орта мектебінде жаңартылған білім мазмұнындағы оқытудың инновациялық технологияларын меңгеріп, қазіргі жаһандану заманына сәйкес жаңа тәсілмен білім беріп жүрген дарынды мұғалімдерді анықтап, шығармашылық мүмкіндіктерін көпшіліктің назарына ұсыну, сол арқылы олардың қарым-қатынас қабілеттерін одан әрі ұштай түсу мақсатында "Жыл мұғалімі - 2022" байқауы өткізілді. Байқауға жалпы 10 мұғалім қатысып, нәтижесі төмендегідей болды.

I орын - Халметова Сабохат (өзін-өзі тану пәні мұғалімі);

II орын - Зайнобитдинова Гулзира (география пәні мұғалімі);

III орын - Маннапова Эллара (өзбек тілі мен әдебиеті пән мұғалімі).

Өріптестерімізге сәттілік тілейміз!



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02ro8Ty9Rhe3fSm4kHR2Kaf376E7dicoZP2cDdQ51VXgxmtsWzC3TsT7bJ15vNsUVL1&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02ro8Ty9Rhe3fSm4kHR2Kaf376E7dicoZP2cDdQ51VXgxmtsWzC3TsT7bJ15vNsUVL1&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Иқан" жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022 жылғы 30 наурыз күні бастауыш сынып пәндері бойынша оқу бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан кәсіби құзыреттіліктері дамыған шығармашыл ұстаздарды анықтау мақсатында "Үздік бастауыш сынып мұғалімі - 2022" байқауы өткізілді. Байқауға 5 мұғалім қатысты. Нәтижесінде байқау жеңімпаздары мектеп кәсіподақ ұйымы тарапынан марапатталды.

"Үздік бастауыш сынып мұғалімі - 2022" байқауының нәтижесі төмендегідей болды.

I орын - Байжанова Барно;

II орын - Шарапова Ситора;

III орын - Рафиқова Доно;

III орын - Бабажанова Шахло.



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02QfczDxcJVdCrjkmnyXiRm1YWuJLTxDNuYqdL9xirv4wNYsUEbzDNrWvMwsUEmMml&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02QfczDxcJVdCrjkmnyXiRm1YWuJLTxDNuYqdL9xirv4wNYsUEbzDNrWvMwsUEmMml&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

Түркістан облысы Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Иқан" жалпы орта мектебінде 2022 жылғы 6 сәуір күні ҰБТ-ға қатысатын оқушылармен адам бойында болатын асыл қасиеттерді, адамгершілік, мейірімділік сезімдерін дамытып, болашаққа деген сенімдерін күшейту мақсатында "Өмір, қымбатсың маған!" атты тренинг сабақ өткізілді.





[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid026BwcmBPtQPiaYP1gtjvt4gBoyXk25y89vew98ko3aJpoqeJtoog5hsTpBongE3j8l&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid026BwcmBPtQPiaYP1gtjvt4gBoyXk25y89vew98ko3aJpoqeJtoog5hsTpBongE3j8l&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)



Түркістан облысы Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Иқан" жалпы орта мектебінде 2022 жылғы 13 мамыр күні "15 мамыр - халықаралық отбасы күніне" орай сынып сағаттары өткізілді.

Отбасы, адалдық және махаббат - әр адамның өміріндегі ең маңызды құндылықтар. Адамның өмір жолы отбасынан басталады: туылу, тәрбиелеу, құндылық бағдарлары мен көзқарасын қалыптастыру, дәстүрлерді беру, рухани адамгершілік, даму.

#15мамыр #отбасыкүнім #Иқанмектебі





[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02Psrqx3NjWZGGyatnDq7MgnJSvcysv1HdVrC9c76QVFvZ4pDnVsJ4aZ6QZsiEcGKzl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02Psrqx3NjWZGGyatnDq7MgnJSvcysv1HdVrC9c76QVFvZ4pDnVsJ4aZ6QZsiEcGKzl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

Түркістан облысы, Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Иқан" жалпы орта мектебінде 2022 жылғы 16 мамыр күні "15 мамыр - халықаралық отбасы күніне" орай 6-"Ә" сынып ата-аналарымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: ата-аналармен сынып жетекшісінің және оқушылардың арасында тығыз байланыс қалыптастыру және ата-ана мен балалардың өзара сыйластықтарын арттыру.

#15мамыр #отбасыкүні #Иқанмектебі





[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02aeyr17UhVgNRqk5uuvfUHBQFoPX1GeKcczkCvNnrWzFUFUv4m5oRMPQsrCAgatHtl&id=100030210816993&mbextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02aeyr17UhVgNRqk5uuvfUHBQFoPX1GeKcczkCvNnrWzFUFUv4m5oRMPQsrCAgatHtl&id=100030210816993&mbextid=Nif5oz)

"Иқан" жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

"Мектепке жол-Шекарасыз жақсылық" атты Республикалық акциясы бойынша демеушілермен жұмыс жүргізіліп жатыр. Осы күнге дейін 4 оқушы мектеп формасымен қамтамасыз етілді. Акция жалғасып жатыр.

# дорогавшколу 2022

# мектепкежол 2022



Мектебім – мақтанышым!

Мектеп – киелі, қадірлі мекен. Өйткені, ол – білімнің, тәрбиенің ордасы, келешек буынның тәрбие бесігі, ардақты ұстаздардың «екінші отбасы». Мектептің абыройы оның ішкі- сыртқы безендірілуінен бастап, ондағы берілетін білімнің сапасы, оқушы мен ұстаздың көрсеткіштерімен айқындалады. Соған байланысты біз де бүгінгі үлкен жетістіктерімізбен бөліскіміз келіп отыр.

Түркістан облысы, Сауран ауданы, Ескі Иқан ауылында орналасқан «Иқан» жалпы орта мектебі қатар жылдар бойы өз жетістіктерімен дараланып, 2013-2018 жылдары «Республикадағы ең үздік 100 мектеп» қатарына енген киелі орда есептеледі. Сол киелі орда бүгінгі күнде де ауыл мектептері арасында мақтанарлықтай нәтижеге қол жеткізіп, ең үздік мектеп екендігін тағы бір рет дәлелдеді. Атап айтқанда, 2021-2022 оқу жылы қорытындысы бойынша 35 түлегіміз мемлекеттік гранттарын иеленіп, мектеп абыройын тағы да асқақтатты.

Тағы айтатынымыз, білім ордамыздың басшысы М.Мамадалиеваның айтуынша, әр баланың жеке қабілет ерекшелігін ашу үшін пәндер бойынша өткізілген олимпиаданың орны ерекше. Өткен оқу жылында мектебімізден қалалық деңгейде өткізілген пәндік олимпиадаға 32 оқушы қатысып, 26 оқушы жүлделі орынға ие болып, екі оқушы олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысты. Мектептер, оқушылар мен ұстаздар арасындағы қалалық, облыстық, республикалық сайыстарда бұл мектептің топ жарған кездері аз емес.

Алайда, мектептің аты озып, сондай көрсеткіштерге қол жеткізуінде шәкірттерінің терең білім алуына ықпал жасаған сарапшы, зерттеуші, үздік педагогтар: орыс тілі пәні мұғалімдері М.Ахмедова, М.Юлдашова, ағылшын тілі пәні мұғалімдері И. Муслимова, Б. Саттарханова, қазақ тілі пәні мұғалімі Н.Халметова, химия-биология пәні мұғалімдері М.Байжанова, М.Камиловалар, математика пәні мұғалімі Д.Ахирова, физика пәні мұғалімі А.Балтаев сынды ұстаздардың есімін ризашылықпен атауға міндеттіміз. Ұстаздардың еңбегінің нәтижесінде 2021-2022 оқу жылында мектеп түлектерінің 40 пайызы мемлекеттік грант иегері атанды. Өз білімін дәлелдеген 11- сынып оқушылары Х. Эрметова мен С. Алауовтар «Алтын белгіге» ұсынылып, абыроймен қорғап шықты.

Білім беру ошағында баланың сапалы білім алуы басшының жасаған жағдайы мен қойған талабына байланысты болса, екіншіден сапалы білім беретін ұстаздардың тынымсыз еңбегінің нәтижесі. «Жақсы адам ғана, жақсы басшы бола алады» демекші білімнің теңізінде кеме болған мектебімізді басқарып отырған мектеп директоры М.Мамадалиева білікті басшы, шығармашыл тұлға, ұжым мақтанышы. Білім ордасының жас басшысы болуына қарамастан білім сапасының жоғары көтерілуіне өз үлесін қосып, қажымай еңбек етіп, ата – аналармен, мектеп әкімшілігімен дұрыс, тиянақты жұмыс жүргізіп отыр. Ол кісінің өз тұғырынан түспей, әлі де біраз белесті бағындыра беретініне сеніміміз мол. Мектеп педагогтар ұжымы сондай білімді, әрі білікті басшының қолдауымен үнемі осындай жоғары нәтижелерге қол жеткізе беруіне тілектеспіз!



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02yacYDMjgZ9DzXBadawLhubVNuggNn1vWHNKbEiNYUJpfXHZrbv56kebQ4pW1V5d11&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02yacYDMjgZ9DzXBadawLhubVNuggNn1vWHNKbEiNYUJpfXHZrbv56kebQ4pW1V5d11&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)









[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02R3MVQHоTEvTFkdDywZtbidCsjszGUiWhFrknUjsJuy8VMURf63sMBEcaJ2eRfLe7l&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02R3MVQHоTEvTFkdDywZtbidCsjszGUiWhFrknUjsJuy8VMURf63sMBEcaJ2eRfLe7l&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

#### «Мектепке жол» акциясы

Жыл сайынғы «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл 2022 жылдың 1 тамызында басталды. Аталған акция аясында аз қамтылған, тұрмыс жағдайы төмен және көп балалы отбасыларға көмек көрсетіп, қолдау мақсатында 21 тамыз күні Сауран ауданында аудан әкімі Ғани Құрмашұлы Рысбеков бастаған және адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысының ұйымдастыруымен мектеп формасын сатып алуға арналған жәрмеңке өткізілді. Аталған іс-шараға Ескі Иқан ауылының кәсіпкерлері мен белсенділері қатысып, «Иқан» жалпы орта мектебінің 13 оқушысына мектеп формасы сатып алынып, табысталды.

Осы акцияға қатысып, қолдау көрсеткен барлық қайырымды жандарға шексіз алғысымызды білдіреміз!

#мектепкежол2022 #Иқанжом #мейірімді жүрек

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0k3PpkdjNrNB86YyfMfnvis5wk13Zojkm1Z4rEEUH9tdZWk9YjEN2H8ovcRDDWQWCI&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0k3PpkdjNrNB86YyfMfnvis5wk13Zojkm1Z4rEEUH9tdZWk9YjEN2H8ovcRDDWQWCI&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

